

# Валюта жөтілігі

2023 жылғы 02 - 06 қазан





Өткен аптада **теңге бағамының АҚШ долларына** қатысты әртүрлі бағытта тербелді. Апта қорытындысы бойынша теңге 0.8%-ға әлсіреп, бір доллар 478.4 теңгені құрады. Ұлттық валюта сыртқы факторларға қарағанда, ішкі факторларға көбірек сезімталдық танытуда. Айталық, мұнайдың ғаламдық бағасының төмендегені теңгеге әсер етпеді десе де болады. Бірақ күткеніміздей апта соңына қарай теңге базалық мөлшерлеменің төмендеуіне байланысты айтарлықтай емес, аздап қана әлсіреді. Өйткені теңге бағамына нарыққа қатысушылардың болжамдары алдын ала енгізіліп қойылған болатын. Осылайша тамыз айының соңынан бері теңге бағамы АҚШ долларына қатысты 4.1%-ға әлсіреді.

ҚРҰБ-тың жаңа forward-guidance инфляция бірмағыналы мәнге жеткенде барып, монетарлық шарттардың одан әрі әлсірейтіндігін көздейді. Соған қарағанда жыл соңына дейін базалық мөлшерлеменің одан әрі төмендеуі екіталай. Бұл өз кезегінде кем дегенде қысқа мерзімде девальвациялық болжамды бақылауда ұстауға, теңгенің тартымдылығының төмендеп кетуі мен құбылмалылығының өсуін шектеуге мүмкіндік береді.

Апта барысында сыртқы экономикалық факторлар жағымсыз сипатқа ие болды. **Доллар индексі** 106 пункттен жоғары болып тұр. Сейсенбі күні индекс 107 пунктке жетті. АҚШ-тың Еңбек министрлігінің деректеріне сәйкес ашық бос жұмыс орындарының саны 700 мыңға өсті. Олардың 600-і жеке секторға тиесілі. Америкалық еңбек нарығының ысынуы АҚШ ФРЖ қаршығалық саясатының одан әрі сақталуына әсер етеді. Жоғары пайыздық мөлшерлемелер кезеңінің ұзақтығы бойынша болжам АҚШ-тың 10 және 30 жылдық қазыналық облигацияларының табыстылығын арттырып жіберді. Өткен аптада олардың табыстылығы соңғы 16 жылда максималды көрсеткішке жетті. Алайда аптаның соңына қарай қыркүйек айы үшін жаңа

жұмыс орындары бойынша бәсеңдеп жатқан деректерге (тамызда 187 мың, қыркүйекте - 170 мың) қарай доллар индексі 106 пунктке дейін төмендеді.

**Мұнай бағасы** өткен аптада бір баррель үшін 84 долларға дейін қысқарды (апта ішінде -8.3%). Егер бұған дейін Сауд Арабиясы мен Ресей тарапынан мұнай ұсынысының төмендеуі мұнай бағасының өсуіне әсер етсе, өткен аптада мұнайды тұтынудың қысқаратындығы туралы қауіп расталды. Бірінші кезекте АҚШ-та бензин қоры арта бастады. Бензин қоры бір апта ішінде 1.027 млн баррельге көбейіп, 6.5 млн баррельді құрады. Ал дайын автокөлік бензинін жеткізу жыл басынан бері ең төменгі деңгейге дейін түсіп кетті (тәулігіне 8 млн баррель). Алайда Таяу Шығыста геосаяси ахуалдың шиеленісуіне байланысты мұнай бағасы қайтадан өсуде.

**Рубль** әлсіреуін жалғастырып, бір доллар 100 рубль болатын психологиялық межеден өтті. Ресей валютасының мұндай көңіл құлазытарлық қозғалысы ресейлік мұнай бағасының өсуі аясында жүріп жатыр. Экспорттың қысқарып, импорттың өсіп жатқандығы рубльдің одан әрі әлсірей беретіндігін білдіреді. Бұған дейін теріс сауда теңгерімінің әсері салық аптасы барысында салықтық түсімдердің есебінен тежеліп келген еді. Сонымен қатар Ресейде дизельдік отынды шетелге шығаруға тыйым салынғаны белгілі. Егер үкімет сол тыйымды алып тастайтын болса, бұл рубльдің аздап нығаюына әсер етуі мүмкін.

Қорытындылай келе айтар болсақ, теңге бағамы ішкі валюта нарығына қатысушылардың болжамына тәуелсіз. **Біздің болжауымызша** теңге айдың аяғына дейін доллар үшін 473-479 теңге аумағында болады.

## Іргелі факторлар бойынша ақпар

фактордың атауы	2023.06.10 баға белгіленімі	% Δ		теңгеге ықпал ету*	фактордың атауы	2023.06.10 қарасты мән	қайта қарау күні	қайта қарау бағыты	
		апта	ай						
<b>Brent бағасы</b>	84.6	-8.3%	-6.6%	▲	ОБ нақты мөлшерлемесі**	ҚРҰБ	4.50%	2023.25.08	▲
<b>Доллар индексі</b>	106.0	-0.2%	1.1%	▼		АҚШ ФРЖ	2.20%	2023.20.09	▲
<b>USDRUB</b>	100.4	2.5%	2.3%	▼		ЕОБ	-1.10%	2023.14.09	▲
<b>CDS спреді (USD/KZT)</b>	680.8	-20.8 п.п.	-49.6 п.п.	▼		РФ ОБ	6.00%	2023.15.09	▲

\*Jusan Analytics бағалауы өзгерісінің теңге серпініне ықпалы : ▲ әлсіреу, ▼ нығаю

\*\* пайыздың атаулы мөлшерлемесі мен инфляция деңгейінің 12 айдан кейінгі айырмашылығы (монетарлық реттеушілердің болжамы)

## Теңгенің шетел валюталарына қатысты бағамы

валюта жұбы	2023.06.10 қарасты бағам	% Δ			12 ай ішінде min	12 ай ішінде max
		апта	ай	жыл басынан бері		
<b>USD KZT</b>	478.4	0.8%	3.7%	3.4%	431.08	482.77
<b>EUR KZT</b>	504.8	0.3%	2.0%	2.4%	452.1	509.71
<b>RUB KZT</b>	4.8	-2.3%	1.1%	-25.8%	4.42	7.8
<b>CNY KZT</b>	65.0	0.8%	4.0%	-1.8%	61.26	68.83



## Jusan Analytics индекстері мен есептеулері

индекстің атауы	2023.06.10 қарасты мән	% Δ			серпін (соңғы 12 айдағы көрініс)
		апта	ай	жыл басынан бері	
<b>ТЕҢГЕ индексі</b>	88.7	1.9%	-2.1%	6.0%	
Теңгенің құбылмалылығы*	0.2%	0.5%	1.0%	2.5%	
<b>Экспорттық бағалар индексі</b>	152.9	-5.95%	-3.1%	-2.7%	


\* Өзгеру бағаналары құбылмалылық жолағы үшін тиісті кезеңдегі (соңғы 12 ай) орташаны белгілеу үшін қолданылады. Жыл басынан бері бағанында соңғы 12 айдағы орташа жылдық құбылмалылық көрсетіледі.

## Jusan Analytics болжамдары

болжам жасалған күн	валюта жұбы	болжам көкжиегі			деректің болжамға сәйкес келуі*	түсініктемелер	
		апта	ай	жылдың соңы			
2023.29.09	USDKZT	474.5	475.5	477.9	✓		
2023.06.10		478.4			✓		

\* сәйкес келеді, x сәйкес келмейді

## Jusan Analytics командасының есебіне сәйкес теңгенің долларға қатысты бағамы бойынша болжам



Үшінші тоқсанның аяқталып, Jusap Analytics командасының кезекті болжамдық раунды кезеңінің келіп жеткендігін ескеріп, біз теңгенің айырбас бағамы бойынша өз болжамымызды жаңарттық. Біздің болжауымызша бұдан әрі қарай теңге бағамы едәуір құбылады. Сөйтіп жыл соңына қарай доллар үшін 472-489 теңге аумағында қалыптасады (жыл басынан санағанда 1.9% - 5.7%-ға, ал қыркүйектің қорытындысы бойынша айқындалған бағаммен салыстырғанда +0.6% мен -3.6%-ға әлсірейді).

 базалық болжам    оптимистік болжам    пессимистік болжам    факт



**Автор:** Сұңғат Рысбек

**Жауапкершілікті шектеу:**

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

**Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:**

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.  
analytics@jusan.kz